

2009 жылы азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алуды өткізуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 01 қаулысы. Ақмола облысы Қорғалжын Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 ақпанда № 1-15-119 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімінің 2009 жылғы 5 маусымдағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімінің 2009.06.05 № 3 шешімімен

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17 бабының 3 тармағына сәйкес, сонымен қатар әскерге шақырушыларды әскери есепке алу, олардың санын, әскери қызметке дайындық деңгейін анықтау, жалпы білім деңгейін, алған мамандығын және дене тәрбиесімен дайындық деңгейін анықтау үшін Қорғалжын ауданының ә к і м і Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1.«Қорғалжын ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) 2009 жылдың қаңтар- наурызында Қорғалжын ауданының аумағында тұрақты тұратын, есепке алу жылы он жеті жасқа толатын, сондайақ жасы үлкен бұрын тіркеуге алынбаған еркек жынысты Қазақстан Республикасының азаматтарын әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алуды жү р г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

2.«Қорғалжын ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тіркеу жүргізу кезеңінде әскерге шақыру учаскесі құрылсын, мекен жайы: Қорғалжын ауданы Күмісбеков көшесі.30 үй

3. Ауылдық округ әкімдері:

1) тіркеуге алынуға жататын барлық азаматтарға шақыру қағаздарын т а п с ы р с ы н ;

2) әскерге шақыру учаскесіне келуін қамтамасыз етсін;

3) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне жеткізу үшін шығарып салушыларды және қажетті көлік бөлінсін, адамдарды тасу кезінде қайғылы оқиғалардың алдын алу шараларын қолдансын.

4. Меншік нысанына қарамай, кәсіпорындар, ұйымдар мен білім беру мекемелерінің басшыларына тіркеуге алынуға жататын азаматтарды әскерге

шақырушыларды әскери есепке алумен байланысты міндеттерді орындауға қажетті уақытқа, жұмыс орны мен лауазымын сақтап, жұмыстан немесе оқудан б о с а т у ұ с ы н ы л с ы н .

5. «Қорғалжын ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Қ.Әбішевке (келісім бойынша):

1) Тіркеуге алындан жалтарып жүрген тұлғаларды іздестірсін.

2) «Қорғалжын ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесімен өзара әрекеттесіп, комиссияның жұмыс кезеңінде әскерге шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіптің сақталуын ұйымдастырсын

6. «Қорғалжын ауданының аудандық емханасы» аудандық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны(келісім бойынша) тіркеуге алынатын азаматтарды медициналық куәләндіру үшін дәрігер мамандар мен медициналық бикелерді б ө л с і н .

7. «Қорғалжын ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша):

1) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алуды ұйымдасқан түрде жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) аудан әкіміне әскерге шақырушылардың әскери есебі туралы хабарласын.

8. Азаматтарды тіркеуге алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуымен байланысты шығыстар 2009 жылға арналған аудандық бюджетте қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылсын.

9. Осы шешім 2009 жылдың қаңтар айынан бастап туындаған құқықтық қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е й д і .

10. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Қ.Аққожинаға жүктелсін.

11. Осы шешім Қорғалжын ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа еңгізіледі.

Аудан әкімі С. Р.Қасенов

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы А.Қ.Әбішев

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Т.О.Әшімов

Қорғалжын аудандық емханасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның

бас дәрігерінің м.а. Р.Б.Балабекова

Қ о р ғ а л ж ы н а у д а н ы н ы ң
білім бөлімінің бастығы Б.А.Ахатова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК